ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-3(7)-20
ҒТАМР: 14.07.07

М.Д. Жорокпаева[*1], Н.С.Танбаева[2], Д.Р Жарикова[3]
[1,3]Астана медицина университеті,
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 49 а
[2]«Павлодар қаласының Жетекші орта жалпы білім беру мектебі» КММ,
140019, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Жетекші ауылы, Қыз жібек к-сі, 5/1
[*]ORCID: 0000-0001-9101-654X
[*]e-mail: miramgul.zhorakpaeva@mail.ru

АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Андатпа. Мақалада Абай шығармаларындағы педагогикалық-психологиялық көзқарастарды қарастырған ғалымдардың құнды пікірлері келтірілген. Абай – рухани ұстаз, қазақ халқының психологы екені шығармаларды талдау барысында да көрсетілген. Ақын психология саласын жеке дара қарастырмаса да, оның шығармаларының көбі дерлік осы ғылымның түрлі мәселелерін жан-жақты талдап, құнды пікірлер, нақты тұжырымдармен ерекшеленеді. Абайдың қара сөздері мен өлең жырларында адамның жаны мен тәнінің қызметін, яғни адамзат баласының психологиялық тұрғыдан даму сатысы болып табылатын тәрбие мен білімнің алар орны, жас өспірім психологиясы мен әлеуметтік орта психологиясының әртүрлі қырлары да көрініс тапқан.

Ақынның педагогикалық-психологиялық мәселелерді айқындайтын «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Көзімнің қарасы» және т.б. шығармалары мақаланың негізі болып алынды. Абай қара сөздері халықты жақсы өмірге ұмтылуға, өз құқығын білуге, басқа елдерден үлгі алуға тәрбиелейтін туындылар. Қазақ әдебиетінің тарихында алғаш болып ата-анаға жас ұрпақты тәрбиелеуде талаптанып білім іздеудің көзі еңбек екенін моральдық тұрғыдан тереңдікпен түсіндірірген өлеңдері және қара сөздерінен де мысалдар келтірілді.

Ақынның қара сөз, өлеңдерін қазіргі таңдағы педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттермен салыстырылды. Білім алуға, ғылымды игеруге, адамгершілік және т.б. игі қасиеттерді дамытуға, жоғары ұстанымды дағдыға айналдыратын еңбектері қарастырылды. Абай Құнанбаевтың адамгершілік тәрбиесі мәселесіне қатысты философиялық - педагогикалық көзқарастарының маңыздылығы көрсетілді. Әрбір адамның өмірінде моральдық ұстанымдары мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың іргелі әмбебап мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Мақалада Абайдың шығармаларының педагогика, психологиялық қырларын қарастырушы Ш. Әлжанов, Т. Тәжібаев, Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаев және тағы басқа ғылыми еңбектерінде арнайы қарастырған демесе де, біршама құнды пікірлер білдіреді. Ақынның өлеңдер жинағы, қара сөздері, ғалымдар еңбектері, психологиялық энциклопедия, сілтемелердегі тарихы бойынша басылымдар құнды ақпарат көзі болып отыр.

Тірек сөздер: педагогикалық-психологиялық көзқарастар, танымдық процесс, ақыл, сана, ар, ұят, қара сөздер, ғылым, білім.

Кіріспе

Адам тәрбиесі – Абай шығармаларының мұраты, ұстанымы. Абай өлеңдері, қара сөз, поэмалары мен аудармалары адам баласын өнер, білім, ғылымға жетелейтін адамгершілік, достық, парыз деген асыл қасиеттерді бойға жинауға жол көрсетеді. Ойшыл ақынның педагогикалық тұжырымы «толық адамды» тәрбиелеу. «Толық адам – рухани жаңғырудың шыңы, өзінің рухани болмысын тануы. Өзін-өзі тану дегеніміз өзін-өзі білу емес. Абайдың «Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі» дегенін біліп, біз өзімізді бірден жан ретінде тани алмаймыз. Өзін білу мен тану, екеуі екі басқа, арасы жер мен көктей алыс. Білу дегеніміз тек қана хабар, ақпарат дейтін болсақ, тану дегеніміз сол ақпаратты сезіну, бойға сіңіріп, түйсік арқылы өзіндік қасиетке айналдыру. Өзінің жан екенін тану дегеніміз – өзінің жан екенін сезініп, рухани қасиет алып, жанша әрекет ету деген сөз, яғни адамның толық өзгеруі» [1]. Келтірілген пікірдегі ой адам ең бірінші, өмірде материалдық жақтарын қанағаттандыруды ойлайды. Оны ақын «тән құмарлығы» деп атаған. Санасының тек тәніне қызмет етуі, яғни «менікі» – бала-шағасы, кәсібі, жұмысы. Ал толық адамның ой деңгейінің, өрісінің өсуі,

рухани баюы. Рухани құндылықтарға құмарлығының артуы, нәпсісін жеңе алуы. Бұны Абай «жан құмарлығы» деп атайды. Адам бойында ақылды, қайратты, жүректі бірдей ұстай алуы толық адам болып қалыптасудың бірден бір жолы.

Адам өмірі Абай атамыз айтқандай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» [2, 78] дегендей, шыр етіп дүние есігін ашқаннан бесік жырымен ананың мейірімі, ата-әжелердің ертегі, аңыз-әңгімелері, халықтың батырлық қисалары адам баласының рухани қазынасымен қанық өседі. Абай шығармалары әр жас осы байлықтарды жадында сақтап, жан-жақты білім мен ғылымды ден қоя сіңіруін үндейді. Тәрбиемен алынған білім мен ғылым нәтижесі «толық адам» деген түсінікке әкелетінін көрсетеді. Абай жастарды білім алуға, ғылым игеруге, адамгершілік ұстанымды қалыптастыруға шақыратын шығармалары Әлішер Науаи, әл-Фараби, Ғ. Дауани т.б. тұжырымдарымен сабақтасып жатыр. Педагог-ғалым Ш. Әлжанов та тәлім-тәрбие тарихынан бірнеше еңбектер жазды.

Ғалымдардың арасынан Абайдың психологиялық көзқарастарын алғаш ғылыми талдаулармен көрсеткен Төлеген Тәжібаев. Абайды арнайы психология ғылымын қарастырған деген ұғым емес. Әрбір психологиялық құнды еңбектері ақын сөзімен айтсақ ... жұп-жұмыр тегіс келсін айналасы дегендей, оқырманына шебер жеткізілген. Психолог – ғалым Т. Тәжібаев «Жүрегімнің түбіне терең бойла» атты ғылыми-зерттеу шығармасында былай деп жазды: «Абай арнайы психологиялық еңбектер жазған жоқ, біз оның шығармаларынан психология мәселелері жөнінде аса қызық және аса бағалы пікірлер табамыз» [4]. Ғалым Абайды: «Психологиялық білімдерді туған халқының арасына насихаттаушы кемеңгер ойшыл», – деп бағалады [4]. Төлеген Тәжібаев Абайды психологиялық тұрғыдан өз ойын халқына жеткізе білген алғашқы қазақ деген. Абай шығармалары халық психологиясын терең зерделей отырып, оның қырларын көрсетеді. Адамның жан дүниесінің байлығы өлең-жыр, ән тыңдауы арқылы өткені мен болашағын көз алдына елестетеді, терең ойға шомылдырады. Бұдан тек арман, тілектің орындалуы ғана емес, сонымен бірге психикалық әрекеттердің жүзеге асуы байқалады. Адамның барлық сезім мүшелерін оятады, жүрегін жылытып, сезім әмірінде терең ойға беріледі. Абай әнді кез келген адам тыңдай алмайды, оны көкірегі ояу жан ғана тыңдай алады деуі де осында. Қорытынды шығара алу, нәтиже жасай алу үшін де сананың айқындығын айтады. Тыңдар құлақ болу керек деген таза ой мен биік сананың тоғысуы. Жазылған өлең мен шығарылған әннің де адамды түрлі сезім әрекеттеріне баули алуына мән береді. Өлеңнің айналысы тептегіс, жұмыр келуінің мәнісі де осында екенін көреміз.

Ғалымдардың ой-пікірлері тақырыпты ашуға, тереңірек қарастыруға көмектеседі. Кемеңгер – ойшылдың шығармаларындағы тұнып тұрған педагогикалық-психологиялық көзқарастар әр түрлі мәселелерде айқын көрініс табады.

Ғылыми мақаланың мақсаты:

Абай шығармаларындағы педагогикалық-психологиялық көзқарастарды көрсету, адамзат жетілуіндегі психологияның негізі болатын өнеге, тәрбие мен білім, ғылымның біріккен қызметінің маңыздылығын көрсету.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер қойылды:

- ғалымдардың пікірлерін қарастыру;
- ақын өлеңдері мен қара сөздерінің мазмұнын ашу;
- қазіргі таңдағы педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттермен салыстыру;

Материалдар мен әдістер

Тақырып аясында педагогикалық әдіс-тәсілдер қолданылды. Ақын өлеңдері мен қара сөздеріне талдау, синтез жасалып, салыстырып, қорытынды шығарылып отырылды. Мақалада зерттеушілердің ақын туындыларындағы педагогика-психологиялық ой-пікірлері негіз болды. Шығармаларын жаңаша тұсынан көрсете білген бағалы пікірлер ақын поэзиясындағы педагогика мен психологияға қатысты пайымдауды талдауға, синтез жасауға көмектеседі.

Ақын шығармаларын қазіргі таңдағы педагогикалық-психологиялық көзқарастармен талдап, салыстырып, сәйкестіктер мен ұқсастықтарына қорытынды жасалды.

Талқылау және нәтижелер

Данышпан ақынымыздың елдің өсуі, өнуі, өркендеуі үшін жазылған шығармалары шығыс ғұламаларымен үндесіп жатыр. «Әлішер Науаи ұлы адамгершілік пен шын мәніндегі адамилықты аса жоғары бағалап «Одамий эрсанг демагил адами, Ониким йуқ халқ ғамидин ғами» десе, Абай да «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген тамаша идеяны алға тартады. Сондай-ақ, Әлішер Науаи «Одамларда одамлар бор, одамларнинг нақшидур, одамларда одамлар бор, хайвон ундан яхшидур» – десе, Абай да «Адамның адамы бар, наданы бар», – деп, ұлы адамдықты, адалдықты барлық нәрседен биік қоя біледі. Оның үстіне Әлішер Науаи «Өмірді босқа өткізбе, еңбек ет» дей келіп, «Умирини зайъе этма, мехнат қил, Мехнатни саодатининг калиди бил», – дейді. Абай болса: «Сақалын сатқан кәріден, Ақылын сатқан бала артық. Арын сатқан патшадан, Еңбегін сатқан құл артық», – дей отырып, адал еңбектің, шынайы пешене тердің мәні мен мазмұнын аса биікке көтере түседі. Сөйтіп, екі ақынның екеуі де адал еңбек, төккен тер адам баласын ер атандыратындығын өте әдемі жеткізумен бірге, адамды қарапайымдылыққа, адалдыққа баули түседі. Сондай-ақ, Әлішер Науаи өзінің «Хайратул-аброр» («Жақсы жандардың қайраттануы») еңбегінде өлең сөздің мазмұны мен пішініне айрықша мән бере келіп: «Назмда ҳам анга маъни дурур Бўлсин анинг сурати ҳар не дурур. Назмки маъни анга марғуб эмас, Назмни ҳам сурат зрур хуш анга. Заинда маъни доғи дилкуш анга», – десе, Абай Құнанбаев та өзінің «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінде, өлеңнің мазмұнын алтынға, сыртын күміске балайды» [5]. Еңбектері арқылы елінің тұрмыс-тіршілігіндегі кемшілік тұстарын жақсартуға, жас өспірім балаларды кемел ойларымен білім мен ғылымға құштар болуға баулиды. Адамдықтың басты түсінігі ар мен ұят, намыс. Адамның басты құндылығы, адами болмысының мәйегі – ардан безіну, арсыздыққа бой алдыру, ұяттан арылу адамдық қасиетті жоғалту болып саналады. Адами қасиеттердің үлкені – Ұят деген түсінікті жадыда ұстау қажет. Ар мен ұятпен бірге қазақтың өне бойында ата салт-дәстүрімен берілген түсінік – Намыс. Абай осы түсінікке де айырықша көңіл бөледі. «Бұрынғы ата-бабаларымыздан артық екі мінезі бар: соның екіншісі – намысқор келеді екен» [6]. Әр заман түрлі оқиғалармен қанық болады, дамудың сансыз бағыттары жүреді, алайда қай заманда болсаң да ар мен ұятты, намысты жоғалтпай басты қасиет қылып санаға түю керек. Осы аталған ар, ұят, намыс деген қасиеттер адамның танымдық процестерімен жүзеге асырылады. Ақын танымдық процестерді іске асыратын, яғни ең алдымен, қоршаған ортаны танитын сезім мүшелерін 27 қара сөзінде Сократ пен Аристодим арасындағы сұхбаттасу түрінде былай береді: «... Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтып ләззат алар едік? Ол көз өзі нәзіктігінен керегіне қарай ашып, жауып тұруы үшін қабақ беріпті. Желден, ұшқыннан қаға берсін болуы үшін кірпік беріпті. Маңдай теріні көзден қағып тұруға керек болғандығынан, басқа тағы керегі бар қылып қас беріпті. Құлақ болмаса, не қаңғыр, не дүңгір, дауыс, жақсы үн, күй, ән – ешбірінен ләззаттанып хабар ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде не тәтті, не қатты не дәмдінің қайсысынан ләззат алар едік? Бұлардың бәрі біздің пайдамыз емес пе? Көзді, мұрынды ауызға жақын жаратыпты, ішіп-жеген асымыздың тазалығын көріп, иісін біліп, ішіп-жесін деп. Бізге керегі бар болса да, жиіркенерлік жері бар тесіктерді бұл бастағы ғазиз білімді жерімізден алыс апарып тесіпті, мұның бәрі хикметпен біліп істелгендігіне дәлел емес пе? – депті» [7, 56]. Бұл қара сөзінде екі данышпан әңгіме барысында құдайдың шексіз құдіретін дәлелдейді, оның адамды махаббатпен, ерекше қамқорлықпен жаратқандығын келтіреді. Әр мүшенің атқаратын қызметін рет-ретімен өрнектеп ашады. Тазалық пен жиіркенерлік жер деп, жақсы мен жаманды ажырата білуді, ең бастысы ғазиз білімді ләззатпен алуды қандай философиялық оймен береді. Жаратушы адам баласына берген сыйын, яғни сезім мүшелерінің атқаратын қызметін ақылымен, ар алдындағы игі ісімен нұрландыруы керек екенін ақын шебер көрсеткен.

Абай шығармаларында аталған сезім мүшелері көз, құлақ, мұрын т.б. әр қырынан суреттеледі.

Мысалы:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал-қазыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сөйлесе, сөзі әдепті һәм мағыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды... [2, 17].

Ару қыздың сыртқы сұлулығы мен ішкі сезімі, сұлудың ұяң қылығы қазақ қыздарының тұлғасындағы ізеттілік, ибалық, әсемдіктің эталоны тұрғысынан көрсетілген. Келесі жыл мезгілдеріне арналған «Қыс», «Жазғұтырым», «Жаз», «Күз» өлеңдерін алатын болсақ, әрқайсысы адамның психологиялық іс-әрекетімен берілген. Бұл қазақ поэзиясының гаһары, мөп-мөлдір бұлағы. Мысалы, *Қыс* өлеңінен:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы – ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды [2,85].

Жазғұтырым өлеңінен:

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су [2, 145].

Төрт мезгілге қатысты жазылған ақын өлеңдері қиынынан қиыстырылып, жансызға жан бітіріліп бейнеленген. Адамның мінез-құлығы, іс-әрекеті табиғаттың тылсым сырлары өрілген көркем сөздермен байланыстырылған. Көз алдыңызға сол мезгілдің суреті қаздай тізіліп тұра қалады.

Психологтардың айтуынша, адамның танымдық процесі – сезімдік және ақыл-ой сатылары арқылы жүзеге асады. Адам баласы тыңдап білгенін, сезініп-көргенін ақыл-оймен сараптап, жан-жақты салыстыра, талдап, тұжырымдап, жалпылай алу қасиетіне ие болады. Жанама, жалпылай, сатылап танумен құбылыстардың ішкі мәніне үңіле аламыз, бұлардың алғашқысы себеп, келесісі салдары болатынына, бірінен кейін бірі туындайтынын түсінеміз. Ақын да күнделікті тұрмыс-тіршіліктің барысында сана мен ақылдың пайда болуы, ол – табиғи құбылыс екенін көрсетеді.

Абайдың ес туралы берген түсінігі де ерекше. Ғалымдар ес туралы түсінік бергенде ақын «ұмытпастық себептер» атты психологияда атау берген дейді. Ақынның отыз бірінші сөзінде ұмытпаудың себептерін атап көрсетеді. Ал 19-шы қара сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», дейді [7, 67]. Ақын өз шығармаларында зейін, түйсік, қабылдау, т.б. сияқты таным процестерінің қалай жүзеге асатынын жіктеп, талдап, «адам» деген аттың фундаментін көрсетеді. Ғалымдардың беретін психологиялық түсініктерінде айтар ойыңды біреуге ұғынықты беру үшін оны саралап, ой елегінен өткізіп алу керек. Айтар сөзіңді ең бірінші өзің реттеп ал, ойда тұрғанды бірден айта салу – қателік, берер ойың анық болу үшін көзбен көрген, мұқият тыңдаған, қолмен ұстап көрген абзал деген пікірлер айтылады.

Ақынның сезім-эмоция мәселелерін айқындап беретін шығармасының бірі «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Көзімнің қарасы», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» [7]. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» [7]: «Кейбіреулер тыңдар үйден шыққанша, кейбіреулер қояр көңіл ұққанша... Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар, абайлар әрбір сөзді өз халынша» [7, 38].

Тыңдаушының психологиясын білгенде ғана айтар ой өз объектісіне нақты жеткізіледі, ұғынықты да, анық болады. Халқымыздың ойнап сөйлесең де, ойланып сөйлеуі керек екені, айтар сөзді ой елегінен өткізбесе, адамға сөз сүйектен өтетіні, таяқ еттен өтетінін ескереді. «Жүйелі сөз жүйесін табар» Көп ойлап, аз сөйлеу, үнемі логикаға жүгіну тамаша қасиет. Сөз байыбын, мәйегін түсініп, айтқан сөзге ден қою. Айтар сөзіңді жеті рет өлшеп, бір рет кесетіндей ой елегінен өткізіп айту. Өмірдегі адамгершілік, достық пен ынтымақ, шынайылық сияқты әлеуметтік-этикалық жоғары қасиеттерді өнеге қылады. Бұл ақынның қазіргі таңдағы өзектілігі маңызды шығармаларының бірі. Сөзі мен ісі үйлескен жас жігіттердің ұраны, өз-өздерін жан-жақты дамыту жолына жетелейтін құралы деуге болады.

Психологиялық, педагогикалық түсінік бойынша алдыға қойған мақсат, сансыз армандар білім мен ғылымды игергенде ғана орындалады. Ол үшін адам бойында кемел қасиеттің бірі – ерік-жігер, қажыр-қайраттың берік болуына байланысты. Ол адам мінез-құлқының мықтылығын айқындайтын көрсеткіштің бірі. Абайша айтатын болсақ, адам бойында жан қуат деген қуат пен бек ... бұл қуаттың ішінде артық қуат бар. Егер де адам баласы оны жоғалтса, хайуан болды, адамшылықтан шығады дейді. Ақын ақылды ұстайтын адамның мінезі, оны бұзып алмау керек. Ол жүрегінде бар қайраттың көмегімен ғана іске астынын атайды. Абай шығармаларында ерік-жігер, қажыр-қайрат мәселесі ауқымды көрсетіледі. Мысалы, келесі өлең шумақтарында:

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек [2, 264],

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ерік-жігер, қажыр-қайраттың беріктігі талаптана білу, еңбек ету, терең ойлай білу, қанағаттана білу, рақымшылық жасай алу сияқты қасиеттердің адам бойында қалыптасуына қомақты орын алатынын атайды.

Ақынның поэтикалық, прозалық туындылары адамның жас өспірімнен есейген, қарттық жасқа дейінгі психологиясын жан-жақты ашып, түсінігіне түсінік қосып береді. Бұл Абай зерттеушілерінің сөзімен айтқанда қазақ психологы, – деген пікірлерге сайып келеді. Келесі қара сөзін қарастырайық: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенді я көргенде ғибрәтләну керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкілшілдікғ я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер» [7, 67]**.**

Қазіргі таңдағы психологтардың ұйымдастырып жүрген тренингтерінің ең негізгі діңгегі Абай қара сөздері демей не дейсіз. Есте сақтау жаттығулары: сурет, жазу, ой жаттығулары және т.б. Ақынның жоғарыда аталған қара сөзінде осы айтылған жазу және ой жаттығуының жолдарын көрсетіп тұр. Яғни есте сақтаудың себебін айқындап тұр. Оны шешудің жолдарын айтып тұр. Ең бастысы, себептерді жеңе алмаса, соңы не болатынын анықтап берілген. Ақынның өлеңдері адам баласын үнемі жан азығы болатын түрлі жаттығуларға машықтайды. Мысалы, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» [2]. т.б. Талаптанып білім іздеудің көзі еңбек екенін «Өзіне сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтан» [2] өсиетті сөздері сенім, ой түю, қойған мақсатқа жету сияқты адамның құнды қасиеттерінің қалыптасуына жігер береді.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тіл орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін» – деген өлеңінде немесе [2, 113].

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көрнуге,
Көкірегінде болсын көз,– [2, 100]. деген өлең жолдарын алатын болсақ, жастарға сөз мәнінісін тыңдай білуге, сөз мағынасын тамырынан зерделеп, ұғып, жадыда сақтауға шақырады. Көкірегі ояу жан адами құндылықтарды бағалауды, дәріптеуді үйренеді. Адалдық, шыншылдық, қамқорлық сияқты қасиеттердің бәрі білім, ғылымға деген құштарлықтардан туындайтынына жол көрсетеді.

Білім беру саласында, оқыту әдістемесінде «Рефлексия», «Миға шабуыл», «Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы өте жиі қолданылады. Абайдың қара сөздерінің барлығы дерлік миға шабуыл жасатып, сыни ойлатып, рефлексия жасатып, ойға ой қосатын сұрақтар мен жауаптарға толы. Мысалы, бірінші қара сөзінде елді бағу, малды бағу, ғылым бағу, сол сияқты софылық қылып, дін бағу, балаларды бағуды [2] деген сұрақтар қоя отырып, әрқайсысына тоқталып жауап береді де, түйінін нақтылап тұжырмдайды. Яғни ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін талдай отырып, өзіне қажетін атайды. Одан да осының бәрін қағаз бетіне түсірейін, әркім өзіне керегін алар, қажетіне жаратса жазып алар, болмаса онда өз сөзім өзімдікі деп ой түйдім, басқадай іспен айналыспай осы шешіммен қалайын деген ойын білдіреді.

«Рефлексия», «Миға шабуыл», «Сын тұрғысынан ойлау» әдісінің де ұтымдылығы өз-өзіңе сұрақ қойып, сол сұрақтың жауабын сыни ойлап, қортындылап, іске жарату. Осы «Рефлексия», «Миға шабуыл», «Сын тұрғысынан ойлау» әдістерінің темірқазы қылып ақынның бірінші қара сөзін бекітіп, барлық қара сөздерін негізге алу керек.

Абайдың 23-ші сөзінде: «... Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар. Оның қуанышы – елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса, қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? – деп. Енді жұбанышы – жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ болады да деген сөзді жұбаныш қылады» [7, 48]. Осы қара сөз қазіргі таңдағы адам бейнесінен де кездеседі. Қазіргі таңда бала тәрбиесі, мамандық иесі атану, кәсіп ашу және т.б. өмір қажеттіліктерін алайық. Мысалы, бала тәрбиесі мәселесі қазақ арасында қалай? Көптеген отбасыларында баланың қалауын, оған үлгі болуды қарамайды. Басқаның баласымен салыстыру, бала мүмкіндігін ескермей ата-ана өз армандарын балаға жүктеу. Ол баланың арманы мен мүмкіндігіне келе ме, жоқ па онда ешкімнің шаруасы жоқ. Әке-шеше отбасында баламен бірге әр істі бірге атқарып, үйрету жоқтың қасы. Одан бала икемсіз болса, берілген жұмысты істей алмай жатса, баланың өзін кінәлау өт жиі кездеседі. Осыдан халқымыздың «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер»,– деген мақалы да жауабын береді. Балаларды жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүргізуді әбден бойларына сіңірттік деуге болады. Мектептен, қосымша сабақтардан шаршайды деп, үйдегі шаруаны ата-ана, ата-әжелер өздері істеп жүре береді. Оны көрген бала өмірде бәрі осылай дайын тұрады деп қабылдайды. Содан бала енжар, жалқау, жауапкершілігі жоқ болады. Ал енді мамандық таңдауды қарайық, қара сөзде айтылғандай басқа біреумен өзін әлде қайда жоғары қойып, біздің қасымызда ол кім, біз алмайтын асу болмас деп, ата-ана баласының жүрек қалауына құлақ аспай, өзінің менмендігіне салады. Ақырында бала бірнеше дипломды қалтаға салып, қай маман иесі екенін өзі де білмейді. Одан ата-ана өзін қара сөзде айтылғандай жалғыз біз емес, жұрттың бәрі де осылай істеп жатыр, ештеңе етпес, бірдемесі болар да деп өз-өздерін жұбатады. Ата-ана балаға қандай тәрбие бере алды, мамандық таңдай алмаған бала білімсіз бе, жоқ ата-ана санасының таяздығы ма дерсіз. Абай заманы мен қазіргі таңдағы көзі ашық, көкірегі ояу қазақ психологиясында қаншалықты өзгешелік кездеседі ? Аталған қара сөзде кездесетін кертартпа мінез-құлықтың әлі де кездесу салдары бар екеніне көзіміз жетіп отыр. Одан бойды аулақ ұстау үшін қазіргі психологтар тілімен айтсақ, адам өз-өзімен жұмыс істеу керек. Осындай ерсі қылықтарға ата-аналар тап болмау үшін ақынның «Жасымда ғылым бар деп

ескермесін» [2], «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» [2] және т.б. өлеңдерін оқып, жаттап, өз ұрпағына дұрыс бағыт-бағдар бере білу керек. Бұған әрине, ақынның төмендегі өлеңін басты ұстаным қылып алу керек.

Ғылым таппай мақтанба.
Орын таппай баптанба.
Құмарланып шаттанба.
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз [2, 47].

Абай жолын әр қазақ ұстанып, келер ұрпағының ой-танымына жеткізе алса, ақын аңсаған «толық адам» қатары көбейері сөзсіз. Әрбір білім, ғылымға құмар, саналы ғұмыр сүруге құштар әр жас оқып, ой түйе білуі қажет. Ғалым Ғ. Есім «...жастарымыз диплом алу үшін емес, сапалы білім алу үшін оқулары керек, ол-заман, өркениет талабы. Ең бастысы – сапа. Сапа – өркениет пен нарықтың негізі. Сапасыз іс істеген адам – ол өзін-өзі құрметтемейтін, сыйламайтын адам. Өзін сыйламайтын адам – елін де сыйлай алмайды, бостандықтың да бағасын білмейді. Сондықтан, сапалы іс істеуді дәстүрге айналдыру керек»,– дейді [8, 193]**.** Сапалы іс істеуді дәстүрге айналдыру отбасының құнды кітабы Абай жинақтарын төрде ұстауды қалыптастыру керек. Атадан балаға мирас болар қазынасы – Абай шығармаларын оқып, ісімізге жарата білуден бастау керек. Абай шығармаларындағы педагогикалық-психологиялық көзқарсатардың құндылығын ғалымдар әлі де зерттеуде. Ғалымдар еңбектерін кеңінен жастарға насихаттау әр мұғалім, оқытушының жұмысы. Оқушыға, студентке ой салу, адами жоғары қасиеттерді сіңірту, яғни тұлға болып қалыптасуына әсер ете білу керек. Марта С. Нуссбаум. «Мүмкіндіктерді қалыптастыру: адам дамуының тәсілі» атты еңбегінде «Білім адамның ойлау, елестету, пайымдау және сыни тұрғыдан ойлау мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасауы керек»,– деген идеясына келеді [9, 273].

Қорытынды

Абай – рухани ұстаз, қазақ халқының психологы, қазақ психологиясы тұрғысынан жан мен тәнді жан-жақты қарастырып, тұжырым жасаған. Абайды зерттеуші ғалымдар шығармаларын әр қырынан ашып, талдап көрсетуде. Абай білімі мен ғылымы мыңжылдықтардағы адам болмысының рухани жетілуінің жолдарын көрсетушісі. Абай ілімі тек қазақ даласын ғана сусындатып отырған жоқ, әлемдік деңгейде адамзатқа ортақ дүниетанымдарды көрсетіп отыр. Халық мүдессін түсініп, ұлттық бірлікте болуды сол заманда айтып кеткен. Басқа үлгі алар елдерден қалыспай, солардың игі істерін бойға жинауды айтады. Өз өмірің өз қолыңда, тек білім мен ғылымыңа өзіңе сен дегені қазіргі таңдағы өмір талабына әкеліп тұр. Ақынның ғаламат ойлары шығармалары арқылы керемет жеткізілген. Ұлт данасын прогресшдігі демей не дейсіз.

Абай шығармалары арқылы қаншама ұрпақ тәрбиеленіп келеді, тәрбиелене бермек. Абай айтқан олқылықтардан арылу, ғылым, білімге ұмтылу қажет. Жастарымыз саналы, ақылды, білім мен ғылымды үйренуге құштар, адами құндылықтарды бойларына жинай алатын арлы, намысқой болуға талпынулары керек. Абайды оқып, өмірге азық болар ойларын түсінген сайын білімнің негізі тәрбие екенін көресіз. Қай ұлттың болмасын

болашағы тәрбие-өнеге алған жастар екенін білеміз. Рухани ізгілікке толы жастарымыз ел болашағы болу үшін Абай шығармаларын дәріптету әркімнің парызы!

Абай атаған жалқаулықтың орнына ширақы, жинақы, талапшыл жастар өте көбейіп келеді. Білім көкжиегін бағындырып жүрген жастарға қарап, сенімді болашақ деуге болады. Ғылыми жаңалықтарды ашып, инновациялық түрлі әдіс-тәсілдерді ұсынып жатқан жас буындардың еңбектері барша әлемді бағындыруда. К. Роджерс «Тұлға болу» еңбегінде «Білім берудің алғашқы қағидаларының бірі – оқушыға өзі үшін маңызды өмірлік мәселелермен тікелей байланыста болуға мүмкіндік беру»,– деген ойымен тұжырымдауға болады [10, 276].

Абайдың педагогикалық-психологиялық көзқарастары әр Қазақстандықтың дамуына, тұлға болып қалыптасуына, халықты әлемге түрлі қырларынан көрсетуіне негіз болатын – бағдаршам. «Абайды қазақ көркем сөзі мен әдеби тілінің жаңа кезеңін бастаушы, оларды жаңа сапаға көтеруші, сөз өрнегінің соны үлгілерін ұстанушы деп танығанда, сол жаңалықтардың, сол үлгі-қалыптардың әрі қарай жалғасуын іздейміз... Абайды ұлы деп танытып отырған белгі – оның поэтикалық дәстүрінің, рухани қазынасының, көркем тілінің жалғастық тапқандығынан, өзінен кейінгілерге үлгі-эталон болғандығынан көрінеді» [11,186]. Р. Сыздықова Абай шығармаларының тек эстетикалық емес, сонымен қатар жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне ықпал ететін педагогикалық маңызын анықтауға мүмкіндік беріп тұрғанын атайды.

Әдебиеттер

1. Омаров Д. Абай толық адам туралы. 2020. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/abai-tolyq-adam-turaly__22874.
2. Абай. Шығармалар. – Алматы: Мөр, 1994. – 414 б.
3. Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология. – Энциклопедиялық сөздік. Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 624 б.
4. Сабыров А. Ұлы ақынды зерделеген академик. 2015. – URL: https://egemen.kz/article/39574-uly-aqyndy-zerdelegen-akademik.
5. Сейданов Қ. Науаи және Абай – 2015. – URL: https://ult.kz/post/nauai-zhane-abay.
6. Омаров А.Қ.. Бүгінгі Абайтану. – Ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. – Семей: Интеллект, 2011. – 262б.
7. Абай. Қара сөз. Поэмалар – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
8. Есім Ғ. Саяси философия. – Алматы: Ел шежіре, 2006. –255 б.
9. Nussbaum M.S. Creating Capabilities: The Human Development Approach. – Cambridge, Massachusetts: Harvard University Press, 2011. – 256 p.
10. Rogers C.R. On Becoming a Person: A Therapist's View of Psychotherapy. – Boston: Houghton Mifflin, 1961. – 420 p.
11. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.

References

1. Omarov D. Abai tolyq adam turaly [Abai on the Whole Person]. 2020. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/abai-tolyq-adam-turaly__22874 (in Kazakh)
2. Abai. Shygarmalar [Works]. – Almaty: Mör, 1994. – 414 p. (in Kazakh)
3. Zharykbaev K., Sangylbaev O. Psikhologiia: entsiklopedialyq sözdik [Psychology: An Encyclopedic Dictionary] / Chief Editor B.O. Zhakyp. – Almaty: Qazaq entsiklopediasy, 2011. – 624 p. (in Kazakh)
4. Sabyrov A. Uly aqyndy zerdelegen akademik [The Academician Who Studied the Great Poet]. 2015. – URL: https://egemen.kz/article/39574-uly-aqyndy-zerdelegen-akademik (in Kazakh)
5. Seidanov K. Nauai zhane Abai [Navoi and Abai]. 2015. – URL: https://ult.kz/post/nauai-zhane-abay (in Kazakh)
6. Omarov A. Bügingi Abaitanu [Contemporary Abai Studies]: Collection of Research Articles. – Semey: Intellekt, 2011. – 262 p. (in Kazakh)

7. Abai. Qara söz. Öleñder [Words of Edification. Poems]. – Almaty: El, 1993. – 272 p. (in Kazakh)
8. Esim G. Saiasi filosofiia [Political Philosophy]. – Almaty: El-shezhire, 2006. – 255 p. (in Kazakh)
9. Nussbaum M.C. Creating Capabilities: The Human Development Approach. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 2011. – 216 p. (in English)
10. Rogers C.R. On Becoming a Person: A Therapist's View of Psychotherapy. – Boston: Houghton Mifflin, 1961. – 420 p. (in English)
11. Syzdyqova R. Abaidyn söz örnegi [Abai's Word Patterns]. – Almaty: Sanat, 1995. – 208 p. (in Kazakh)

М.Д. Жорокпаева[*1], Н.С. Танбаева[2], Д.Р. Жарикова[3]
[1,3]Астанинский медицинский университет,
010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 49 а
[2]КГУ «Жетекшинская средняя общеобразовательная школа города Павлодара»,
140019, Республика Казахстан, г. Павлодар, с. Жетекши, ул. Кыз Жибек, 5/1
[*]ORCID: 0000-0001-9101-654X
[*]e-mail: miramgul.zhorakpaeva@mail.ru

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ АБАЯ

Аннотация. В статье представлены ценные мнения ученых, рассматривавших педагогический и психологический подходы в творчестве Абая. Абай – духовный учитель, психолог казахского народа, это также проявилось при анализе его произведений. Несмотря на то, что Абай не писал специальных трудов по психологии, во многих его стихах и высказываниях нетрудно найти различные мнения, связанные с многообразием проблем этой науки. В произведениях мыслителя-поэта отражено соотношение общей психологии – души и тела, функции воспитания и образования на пути психологического развития человека, а также отдельные вопросы детской психологии и общественной психологии.

В статье рассматриваются произведения «Ласкают слух, мелодия и слово», «Ты зрачок - глаз моих», «Джигиты, *дорог смех*, не шутовство», «Пока не знаешь – молчи», «Будь разборчив в пути своем», «Я не думал о знаньи, как был молодым», «Верь в себя, вытаскивай себя сам, Ум и труд только возвышая» и примеры из слов назиданий, в которых поэт поднимает педагогико-психологические проблемы. Творчество поэта сопоставлялись с текущей педагогической и психологической деятельностью. Произведения поэта имеет высокую ценность для получения образования, освоения науки, развития нравственных качеств.

Рассмотрены философско-педагогические взгляды Абая Кунанбаева на проблему нравственного воспитания. Особое внимание уделено фундаментальным общечеловеческим проблемам формирования нравственных позиций и ценностей в жизни каждого человека. Воздействие на умы и чувства людей, обновление общества, глубокое уважение человеческого достоинства – характерные черты творчества Абая. Это прослеживается в стихотворениях: «Слагал я песни не для развлечения», «Слова мудреца да слушают понимающие», и др.

Ключевые слова: педагогика-психологические подходы, познавательный процесс, ум, сознание, честь, стыд, слова назидания, наука и образование.

M.D. Zhorokpaeva[1*], N.S. Tanbayeva[2], D.R. Zharikova[3]
[1,3]Astana Medical University,
010000, Republic of Kazakhstan, Astana, 49a Beibitshilik Str.
[2]Municipal State Institution «Zhetekshi Secondary General Education School of Pavlodar»,
140019, Republic of Kazakhstan, Zhetekshi village, Pavlodar, 5/1 Kyz Zhibek Str.
[*]ORCID: 0000-0001-9101-654X
[*]e-mail: miramgul.zhorakpaeva@mail.ru

ABAI'S PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL VIEWS

Abstract. The article presents valuable opinions of scientists who considered pedagogical and psychological approaches in the work of Abay. Abay is a spiritual teacher, a psychologist of the Kazakh people, this also manifested itself in the analysis of his works. Despite the fact that Abay did not write special works on psychology, in many of his poems and statements it is not difficult to find different opinions related to the diversity of problems in this science. The works of the

thinker-poet reflect the correlation of general psychology – soul and body, the functions of upbringing and education on the path of human psychological development, as well as certain issues of child psychology and social psychology.

The article deals with the works «Caress the ear, the melody and the word», «You are the pupil of my eyes», «Dzhigits, dear laughter, not buffoonery», «Until you know, be quiet», «Be selective in your path», ««« did not think about knowledge, as I was young» «Believe in yourself, pull yourself out, Mind and work only upliftin» and examples from the words of edification in which the poet raises pedagogical and psychological.The poet's work was compared with the current pedagogical and psychological activities. The works of the poet are of high value for education, the development of science, the development of moral qualities.

The philosophical and pedagogical views of Abai Kunanbaev on the problem of moral education are considered. Particular attention is paid to the fundamental universal problems of the formation of moral positions and moral values in the life of every person. The impact on the minds and feelings of people, the renewal of society, the deep respect for human dignity are the characteristic features of Abay's work. This can be traced in the poems: «I didn't write songs for fun», «Let those who understand hear the words of the sage», etc.

Keywords: pedagogy-psychological approaches, cognitive process, mind, consciousness, honor, shame, the word of edification, science and education.

Автор туралы мәлімет

Жорокпаева Мейрамгүл Досановна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Астана медицина университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, Астана, e-mail: miramgul.zhorakpaeva@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9101-654X .

Танбаева Нургуль Сабыровна – педагог-зерттеуші, «Павлодар қаласының Жетекші орта жалпы білім беру мектебі» КММ, Қазақстан Республикасы, Павлодар, e-mail: tanbayevan@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1144-1955.

Жарикова Дидар Рымжановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Астана медицина университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, Астана, e-mail: Zharikova.d@amu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3856-4648.

Сведение об авторе

Жорокпаева Мейрамгуль Досановна* – кандидат педагогических наук, кафедра филологических дисциплин НАО «Медицинский университет Астана», Республика Казахстан, Астана, e-mail: miramgul.zhorakpaeva@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9101-654X.

Танбаева Нургуль Сабыровна – педагог-исследователь, КГУ «Жетекшинская средняя общеобразовательная школа города Павлодара», Республика Казахстан, Павлодар, e-mail: tanbayevan@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1144-1955.

Жарикова Дидар Рымжановна – кандидат педагогических наук, кафедра филологических дисциплин НАО «Медицинский университет Астана», Республика Казахстан, Астана, e-mail: Zharikova.d@amu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3856-4648.

Information about the author

Meiramgul Zhorokpayeva* – candidate of pedagogical sciences, NJSC «Astana Medical University», Republic of Kazakhstan, Astana, e-mail: miramgul.zhorakpaeva@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9101-654X.

Nurgul Tanbayeva – teacher-researcher, KSU «Secondary General Education School of Zhetekshi, Pavlodar», Republic of Kazakhstan, Pavlodar, e-mail: tanbayevan@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1144-1955.

Didar Zharikova – candidate of pedagogical sciences, NJSC «Astana Medical University», Republic of Kazakhstan, Astana, e-mail: Zharikova.d@amu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3856-4648.

Редакцияға енуі 18.07.2026
Өңдеуден кейін түсуі 14.08.2026
Жариялауға қабылданды 27.09.2026